

**Глубокое аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 15/7-VIII "Глубокое ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерлері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 22/3-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 29 сәуірде № 9191-16 болып тіркелді

Глубокое аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Глубокое аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі № 15/7-VIII "Глубокое ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшерлері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9088-16 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

2 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Глубокое ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі айқындалсын:

Ұлы Отан соғысының ардагерлері;

женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер

;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері;

бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр тұрлерімен ауыратын адамдар;

жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады;

қандастар;

экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

толық емес отбасылар;

асыраудында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша құндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар) жатады.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое аудандық мәслихатының төрағасы*

*A. Калигожин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК